

№ 1718 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ҚАЖ комитеті түзеу мекемелері қызметкерлерінің арнайы құралдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 146 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 тамыздағы № 246 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 14 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу № 3063. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушы 2011 жылғы 24 мамырдағы № 194 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің міндетін атқарушы 2011.05.24 № 194 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа алып, Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы № 153 бұйрығымен енгізілген өзгерістері бар (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тізілімінде 2004 жылғы 29 мамырда № 2877 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 146 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тізілімінде № 1718 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетені" журналында жарияланған, 2002 жыл, № 7-8, 543-күжат) (бұдан әрі - Бұйрық) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері қызметкерлерінің арнайы құралдарды қолдану тәртібі туралы нұсқаулықта:

8-тармақтың 3) тармақшасында "бұзақылық іс-әрекетке әкеп соқтырған" деген сөздер ", сондай-ақ түзеу мекемесінің қалыпты қызметіне іріткі салуға көрінеу бағытталған әрекеттер кезіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта "қоғамдық тәртіпті" деген сөздер "түзеу мекемесінің қалыпты қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың 4) тармақшасында "Арнайы құралдар болмаған жағдайда кез-келген қолда бар құралдар пайдаланылады" деген сөздер алынып тасталсын;

10-тармақтың б) тармақшасында "ТМ-де заңдылықтың сақталуын қадағалау жөніндегі прокурорға" деген сөздер "облыс және оған теңестірілген прокуратураларының ТМ-де заңдылықтың сақталуын қадағалау жөніндегі прокурорына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақта "жүкті" деген сөз алынып тасталсын;

18-тармақта "мойнынан" деген сөзден кейін "әдейі" деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а с п р о к у р о р ы н ы ң
б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы

27.08.2004 ж.